

Бекітілген
Мектеп директоры Ж. Демеубаева



**№113 Қаракөлорта мектебінің «Болашақ»
өзін – өзі басқару ұйымының 2023-2024 оқу
жылында оқушылармен жүргізілетін
жұмыс жоспары**

«Өзін-өзі басқару ұйымы»

- *Балалар мен жасөспірімдердің және үлкендердің жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыттаған, мүшелерінің қызығушылықтарын, құқықтарын қорғайтын, өз бетімен ерікті, қоғамдық бірлестік*

Өзін-өзі басқару ұйымының атқаратын жұмыстары:

- *Интеллектуалды сайыстар өткізу;*
- *Мереке күндерін өткізу;*
- *Мектепшілік газет-журналдар шығару;*
- *Іс-шараларға жауапкершілікпен қатынасу;*

Өзін-өзі басқару ұйымының қаулысы:

Жыл ішінде жүргізілетін жұмыс түрлеріне есеп беріп отырады.

1. *Ұйым ұнпарағы ай сайын шығарылып, мектепшілік іс-шаралар талданып, баспасөз беттері арқылы таралуы керек.*
2. *Мектеп оқушыларының оқу үлгерімін жақсарту, оқу озықтарының санын көбейту сынып әкімдеріне міндеттеліп, оны қатаң қадағалау*
Білім министріне жүктелсін.
3. *Оқушылардың бой-бас тазалығы, оқу құралдары, сынып тазалығы, мектепке сай киім формасын үнемі бақылауда болуы*
Тазалық министріне тапсырылсын.
4. *Оқушылардың танымдық деңгейінің терең болуын қадағалап, соған орай мектепшілік іс-шаралар өткізу*
Мәдениет министріне тапсырылсын.
5. *Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану, денсаулықтарын нығайту, спорт үйірмелеріне оқушыларды тарту*
Спорт министріне тапсырылсын.

6. Оқушылар арасына келеңсіз жағдайларды болдырмау, сабаққа қатысу-
қатыспауын қадағалап, мектепшілік тәртіпті бақылау **Тәртіп**
министріне тапсырылсын.
7. Біріңғай талап ережелері 5-11 сынып оқушыларының барлығына
міндетті деп саналсын және оқушылар ұйымының осы талаптарды
қадағалау **Ұланбасына** және **Ұланбасы көмекшісіне**

Өзін –өзі басқару ұйымының

Мақсаты:Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, Білім мен өнерге құштар, елінің тарихынбілетін, тілін, дінін, әдет-ғұрп, салт- санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтарбойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін- өзі басқарту арқылы қалыптастыру.

Міндеті: - Қазақстан Республикасындағы « Тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы мен Үздіксіз білім беру жүйесінің тәрбие тұлғарамдамасына» сай жас жеткіншектерді Қазақстандық елжандылыққа тәрбиелеу.

- өзін- өзі басқару ұйымының бағдарламасы негізінде , сапалы білім саналы тәрбиенің жан- жақты артуына оқушы, жастар ұйымының белсенділігі арттыру;

- жастар бірлестігінің бағыттарына байланысты ұйым белсенділерінің құқыын, міндетін, жауапкершілігін арттыру.

Өзін –өзі басқару жұмысында табатын құндылықтар:

1. Адами ар –ождан, иманжүзді азамат қалыптасу
2. Отбасындағы жауапкершілік
3. Отан, туған өлкеге құрмет
4. Денсаулық, салауатты өмір
5. Еңбек, экономика
6. Білім , ғылым, өнер
7. Мәдени мұра, құқық, тарих, шежіре
8. Тіл шеберлігі, рухани байлық
9. Достық, жолдастық, қатынас

**№113 Қаракөлорта мектебінің «Болашақ» өзін – өзі басқару ұйымының
2023-2024 оқу жылында оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары**

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Орындаушы
1.	«Болашақ» өзін – өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарын құру	Қыркүйек	Ш.Зауытбекова
2.	«Білім күні» мерекесін атап өту	Қыркүйек	Н.Таңбай
3.	«Қарттарым – асыл қазынам» мерекесі	Қазан	Өзін – өзі басқару ұйымы
4.	«Ұстаз – ұлы есім»	Қазан	Ш.Зауытбекова
5.	Дүниежүзілік балалар күніне дөңгелек үстел	Қараша	Е.Тұрақов
6.	Оқушылар арасында интернетке тәуелділіктің алдын алу. (Тесттен өту)	Желтоқсан	Мәдениет министрі
7.	«Көк байрақты Қазақстан»	Желтоқсан	Тәрбие министрі
8.	«Болашақ өзін – өзі басқару» ұйымының отырысы	Қаңтар	Н.Таңбай
9.	«Әлемнің жарығын,сыйладың сен маған» аналар мерекесі	Наурыз	Өзін – өзі басқару ұйымы
10.	«Армысың әз наурыз»	Наурыз	Өзін-өзі басқару ұйымы
11.	Ер есімі,ел есінде	Мамыр	Өзін-өзі басқару ұйымы
12.	Сыңғырла соңғы қоңырау	Мамыр	Өзін-өзі басқару ұйымы
13.	«Болашақ өзін – өзі басқару» ұйымының қорытынды отырысы	Мамыр	Н.Таңбай А.Ембаева